



Көпбосынов Б.

ТІЛДІН ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗІНДІК ҚЫРЛАРЫ

В статье рассматривается вопрос сингармонизма слова в тюркских языках вообще, в казахском языке в частности.

The problem of synharmonizing of syllable in Turkic language in general and in Kazakh language in particular are considered in Kazakh language in particular are considered in this article.

Өткен ғасырлардан бастап түркітанушығалымдар түркі тілдеріндегі сингармонизм занұлдылығына, онын артикуляциялық және фонологиялық сипаттына қатан қөніл бөліп отырған. Тілдік теориялардың даму деңгейіне лайық онын артикуляциялық сипаттамасы беріліп, тілдегі қызметі жайлы көптеген пікірлердің жинақталғаны белгілі.

Жалпы түркі тілінің басты ерекшеліктері ретінде өзге ғылым мамандары да қоңе жазу ережелерінің, есіресе онын әліпби құрамының соншалықты дәл және накты жасалғанын атап көрсетеді. Мысалы, В.В.Бартольд қоңе түркі жазуының сол кезеңде осы тілде сөйлеген халық үшін өте ынғайлы жасалғанын ерекше атап өткендігі өзге ғалым-дардың да бұл жазу туралы он көзқараста болуына ықпал етті. Ғалым "Түрки, по-видимому, не только заимствовали готовый алфавит, но прибавили к нему некоторые новые знаки... Сверх того, алфавит был приспособлен турками к фонетическим особенностям своего языка, особенно к закону звуковой гармонии; вследствие этого самый старый из турецких алфавитов в то же время должен быть признан самым совершенным из алфавитов, когда либо употреблявшихся турками" [1.9] деген келелі ой түйінін білдіреді. Түркі тілдерінің терен білгірі В.В. Бартольд түркі жазуының дыбыс құрамы тілдің ішкі занұлдылықтарымен өте тығыз қабысып жатқандығын, сөйтіп сөздің дыбыс құрамын өте дәл көрсететінін алға тартады.

Қоңе түркі жазуының жетілген жазу екендігіне қарап, сол кездегі түркі халқының мәдениеті өте жоғары деңгейде болғандығын тілге тиек етеді. Бұл жөнінде ғалым: "Слог и выражения надписей заставляют полагать, что состояние культуры народа было не так низко, как можно было бы ожидать по обстановке кочевой жизни" [1.10], - деп көрсетеді өзінін түркі дүниесіне арнап жазған еңбекінде.

Қай халықтың болса да тілі сол халықтың тарихымен тығыз байланысты бола тұра, тілдің кейбір ішкі даму занұлдылықтарын, мәселен, фонетикалық, сондай-ақ грамматикалық форма-лардың даму занұлдылығын тек тарихи тұрғыдан карастырып, сонымен ғана байланыстырып шешу дұрыс болмаса керек. Халық тарихының өзіндік, тілдің даму тарихының өзіндік қырлары, қағидалары, занұлдылықтары бар. Барлық сыртқы лингвистикалық факторлардың ортаға – географиялық жағдайға қатысты қарастырған Ф. де Соссюр сыртқы және ішкі лингвистиканың өзара өте тығыз әрі қарама-қайшылықты байланысына тоқтала



отырып, "...поскольку географический фактор тесно связан с существованием языка; и все же в действительности географический фактор не затрагивает внутреннего организма самого языка" дейді [2.24].

Сыртқы факторлар лингвистикалық жүйені толық өзгерте алмағанымен, этностын қалыптасу процесінде, оның тілінің қалыптасуына негіз болған туыс тілдердің немесе диалектілердің ерекше белгілерін білдіретін дыбыстық өзгешеліктердің тілдік зандылыққа айналуына арқау болады. Өзге халық тілдері сияқты түркі халықтары тілдері де ұзақ әрі күрделі тарихи даму жолынан етті. Негіз тілдің ғасырлар бойы үздіксіз дамуының нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, өз құрамындағы этностар тілдеріне ыдырауы, өзара қайта тоғысыы, іргелерін қайта ажыратуы, туыстас немесе басқа жүйедегі тілдермен тығыз қарым-қатынаста болуы, әр тілдің өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі зандылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмыспен қалыптасуына алып келеді. Сондыктан да бұл тілдер қаншалықты өзгерістерге ұшыраса да көне тілдің элементтерін бойында сактайдырығы, барлығы да негіз тілдің белгілі бір дәрежедегі мұрагері болып табылатындығы даусыз. Бұл жөнінде белгілі түркітанушы-ғалым А.М. Щербак былай дейді: "Расхождению языков и диалектов постоянно сопутствует их сходжение, взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует праязыковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм признаков, прошедших сквозь призму многократных и разновременных смещений" [3.22]

Дыбыс сәйкестіктерінің барлық халықтар тілінде орын алуы, әсіресе әрбір этностын негізгі сөздік қорынын дамуына тікелей әсер етіп, сөзжасам факторларымен астарлас болуы, оларды тіл онтологиясымен, яғни адамзат тілінің пайда болуымен байланыстыруға жетелейді. Жаңа ұғымның пайда болуы дүниетанымдық шенбердің кенеюіне қатысты құбылыс болғандықтан танымдық процесстер де сырт қалмайды. Тілдің таңбалық қасиетімен тікелей байланысты жазу таңбаларының пайда болғаны туралы зерттеуші О. Сүлейменов семасиографиялық кезеңде сөздердің бастапқы мағыналары оның табиғатына да ықпал етіп, бір түбірден тараған сөздердің тұлғалық өзгерістерімен қатар мағыналық дамуына да себепкер болатын дыбыстардың жана сапаға ие болуы олардың сәйкестіктерінің қалыптасуына да әсер етуі мүмкін деген пікір айтады [4.76].

Бұын деңгейіндегі просодикалық құбылыс тек сингармонизм емес, тілдік қызметі осыған ұксас буын просодикасы өзге тілдерде де кездеседі. Бұл саланың негізгі мамандарының бірі - проф. Гординаның "Отдельные звуки - элементы слова - привязаны к фонетическому положению и оказываются в тесной зависимости друг от друга и подчиненном положении по отношению к целому" деген пікірін проф. Н.А. Басқаковтың толық қолдайтындығы өзінен-өзі көрініп тұрған сияқты. Ол: "Некоторые исследователи считают, что сингармонические слоги строятся не по односторонней зависимости согласных от гласных или гласных от согласных, а определяются характером слова, т.е. характером фонемы, состоящей из элементов гласных и согласных. Эта теория отчасти применима и к фактам тюркских языков, в которых, правда, определяющими фонологическую структуру слова являются все же согласные. А так как в этих языках согласные определяют характер не только слога, но и всего слова, то, как ни парадоксально, понятие фонемы, если слог типа СГС одновременно выступает и в значении самостоятельного слова, совпадает не только целым слогом, но и целым словом, т. е. "словофонемой" дейді [5.17].

А.Байтұрсынұлы өзінің "фонологиялық" пайымдауын төмендегідей сөздермен баяндайды: "Тіл болса, оның законы болуы керек. Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жінішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің законы емес пе? ...Менін бұрынғы жазған сөзім һәм осы жолғы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады. Біздің сөйлем, қарастырып отырганымыз қазақ фонетикасы". Қазақ тілінің сондай "законы" ретінде үндесім (сингармонизм) фонологиясын алып отыр.

Қазіргі тілдік жүйеміздің негізі болып табылатын дыбыс талай тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, дамудын ен жоғары деңгейіне жеткендігі мәлім. Дыбысқа қатысты жузеге асатын әрбір өзгерістер, құбылыстар зандылыққа айналғанда отырып, қазіргі түркі тілдерін дамытты. Тіліміздің фонологиялық жүйесі ұзақ уақыт бойында дами отырып қалыптасқандыктан дыбыстарға байланысты өзгерістер де сан алуан дамуды басынан кешірді. Сондықтан олардың негізгі себебін анықтау кынға соғады. Дыбыстар сәйкестігінің бір буынды сөздерден бастап көп буынды сөздерде де, афиксстер құрамында да кездесуі оның көнеден келе жатқан зандылық екендігін дәлелдейді.



Біздің дәстүрлі фонетикамызда фонологиялық және фонетикалық белгілер толығымен араласып кеткені рас. Бұл туралы белгілі фонетист ғалым Ә. Жұнісбек: «Басты максат қазак тілінің тәл дыбыс құрамын анықтап, оның ішкі құрылтыс жүйесін сипаттап шығу, дыбыс өзгерістерін талдау, әуен түрлерін түгендесу. Сонымен қатар фонетикалық және фонологиялық талдау-сипаттамаларды жіктеп, әркайсысын өз алдына дербес сала ретінде қарастыру қажет», - дейді [6.13].

Генетикалық туыстығы жағынан әлем тілдерінің ішіндегі Алтай тобына кіретін түркі тілдері жайында түркологиялық енбектерде көптеген ғалымдардың әр түрлі принциппен құрған топтастырулары бар. Олардың қатарында түркі халықтарының өкілі, әлемдік тіл білімінде салыстырмалы әдісті тұнғыш қолданып енбек жазған Махмұт Қашқаридан (XI ғ.) бастап, И.Н. Березин, Н.И. Ильминский, В.В. Радлов, Н.А. Аристов, Н.Ф. Катанов, Ф.Е. Корш, Н.А. Басқаков, А.Н. Самойловичтің топтастыруларын атап өтуге болады. Топтастыру принциптері белгіленген лингвистикалық айырым белгілерінің салмағын, географиялық өлшемін есепке ала отырып, сондай-ақ түркі халықтарының тарихи мәліметтеріне қарай түрлене береді. Алайда бүгінде түркі тілдерінің барлығы мойындаған ортақ топтастыруы жоқ деуге болады.

Жалпы түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықтар бар және бұл оларды өзге тілдік семьялардан ерекшелейтін белгілер болып табылады.

Тілдің құрамын өзгертуге себепкер болатын, жеке сөздерді тек тұлғалық жағынан ғана өзгертіп қоймай, бір түбірден тараған гомогенді параллельдердің семантикалық астарының жіктелуіне де ықпал ететін – дыбыс сәйкестіктері. Жалпы алғанда альтернация құбылысы дегеніміз – дыбыстардың парадигмалық қатынасқа түсіп, бірінін орнына екіншісінің қолданылуы. Бұл құбылыс дыбыс алмасулары және дыбыс сәйкестіктері деп екіге бөлінеді. Ал, дыбыс сәйкестігі мен дыбыс алмасуы түркі тілдерінде принципті турде ажыратылады.

Әдебиеттер:

1. Бартольд В.В. Тюрки. -Алматы: Жалын, 1998. -192 с.
2. Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики // Введение в языкознание. Хрестоматия. -М., 2000.
3. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. -Л., 1970.
4. Сулейменов О. Язык письма. - Алматы-Рим-Астана, 1999.
5. Басқаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988. -206 с.
6. Жұнісбек Ә. Қазақ фонетикасы.- Алматы: Арыс, 2009.